

2011 жылы Тасқала ауданында он жеті жасқа толатын азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 9 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 28 желтоқсанда № 7-11-132 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімінің 2011.04.01 № 5 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндettілік және әскери қызмет туралы" Зандарын басшылыққа алып **ШЕШІМ ЕТЕМІН**:

1. "Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданының Қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) 2011 жылдың қаңтар-наурыз айларында 2011 жылды он жеті жасқа толатын ер жынысты азаматтардың әскери есебін тіркеуін ұйымдастыруын және қамтамасыз етуі ұсынылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі деңсаулық сақтау басқармасының "Тасқала аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) шақыру учаскесінің әскери міндettілер мен әскерге шақырушулыардың әскери есебін тіркеу кезінде азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу дәрі-дәрмекпен, инструментаријмен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз етуі ұсынылсын.

3. Ауылдық округ әкімдеріне тіркеуге шақырылған азаматтарды шақыру қағаздарында көрсетілген мерзімдері бойынша хабардар ету және уақытында аудандық шақыру учаскесіне келуін қамтамасыз етуі тапсырылсын.

4. "Тасқала аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен Тасқала ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді дайындау және өткізу кезеңіне 2011 жылдың қантарынан наурызына дейін есептегі жұмыссыздар қатарынан қажеттілігіне қарай техникалық және қосалқы қызметкерлер

бөлінсін.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары К. Мусинге жүктелсін.

Аудан әкімі

КЕЛІСІЛДІ:

Ө. Мырзагалиев

"Батыс Қазақстан облысы
Тасқала ауданының
Корғаныс істеріндеңі
бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
----- A. Жұбанышқалиев

20.12.2010 ж.

"Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі деңсаулық сақтау
басқармасының "Тасқала
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық көсіпорнының
директоры
----- T. Қалібеков

20.12.2010 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК